

**"Мемлекеттік сатып алушы жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 739 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 26 желтоқсанда № 16118 болып тіркелді

**Р Қ А О - ның**

**ескертпесі!**

**Осы бұйрық 01.01.2018 ж. бастап қолданысқа енгізіледі.**

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Мемлекеттік сатып алушы жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығына ( Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін тіркеудің мемлекеттік тізілімінде № 12590 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 31 желтоқсанда жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік сатып алушы жүзеге асыру қағидаларында (бұдан әрі – Қағидалар):

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Тапсырыс берушілер Заның 5-бабының 4-тармағына сәйкес айына бір реттен асырмай мемлекеттік сатып алушың жылдық жоспарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізеді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің талабы мынадай:

1) мемлекеттік кәсіпорындар, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі занды тұлғалар және олармен үлестес занды тұлғалар мемлекеттік сатып алушы жүзеге асырған;

2) бақылау іс-шараларының нәтижелері бойынша, оның ішінде камералдық бақылаудың нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалар, хабарламалар орындалған;

3) Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес тиісті бюджетті нақтылау ( түзетілген) кезінде мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылған жағдайларға қолданылмайды.";

29-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

29. Ұйымдастыруыш баға ұсыныстарын ұсыну мерзімі аяқталғанға дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен өткізілетін мемлекеттік сатып алу туралы мынадай:

1) бөлінген сомаларды көрсете отырып, өткізілетін мемлекеттік сатып алудың нысанасы болып табылатын тауарлардың саны, орындалатын жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің көлемі туралы мәліметтерді;

2) сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің қысқаша сипаттамасын;

3) тауарды беру, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсете орнын;

4) тауарды берудің, жұмыстарды орындаудың, қызметтерді көрсетудің талап етілетін мерзімдерін;

5) әлеуетті өнім берушілердің баға ұсыныстарын ұсынуды бастау және аяқтау мерзімі туралы;

6) техникалық ерекшелігін көрсете отырып, шарттың жобасын веб-порталда қазақ және орыс тілдерінде орналастырады.

Тапсырыс берушілер Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттары болған кезде, оларды көрсете отырып техникалық ерекшелікті әзірлеуі мүмкін.";

60-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"60. Осы Қағидалардың 20-тармағында көзделген жағдайда конкурсстық комиссияның төрағасы болып тапсырыс берушінің бірінші басшысының орынбасарынан төмен емес лауазымды тұлға айқындалады.

Жергілікті атқарушы органдардың қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз ету бойынша конкурс өткізу кезінде конкурсстық комиссияның төрағасы болып орталық атқарушы органының жауапты хатшысы немесе жауапты хатшының өкілеттіктерін жүзеге асыратын өзге лауазымды адам айқындалады.

Осы Қағидалардың 22 және 24-тармақтарында көрсетілген жағдайларда конкурсстық комиссияның төрағасы болып ұйымдастыруышының бірінші басшысынан не оның міндетін атқарушы тұлғадан төмен емес лауазымды адам не жауапты хатшы немесе жауапты хатшының өкілеттіктерін жүзеге асыратын өзге лауазымды адам айқындалады

Осы Қағидалардың 21, 23 және 25-тармақтарында көзделген жағдайларда конкурсстық комиссияның төрағасы болып тапсырыс берушінің бірінші басшысынан не оның міндетін атқарушы тұлғадан төмен емес лауазымды адам не жауапты хатшы немесе жауапты хатшының өкілеттіктерін жүзеге асыратын өзге лауазымды адам айқындалады.

Осы Қағидалардың 26-тармағында көзделген жағдайда конкурсстық комиссияның төрағасы болып тапсырыс берушінің бірінші басшысынан не оның міндетін атқарушы тұлғадан төмен емес лауазымды адам не жауапты хатшы немесе жауапты хатшының өкілеттіктерін жүзеге асыратын өзге лауазымды адам айқындалады.";

85-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"85-1. Тапсырыс берушіге шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті материалдық және еңбек ресурстары конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте көрсетіледі.

Құрылыш жұмыстары (жаңа құрылыш, бар объектілерді кеңейту, техникалық қайта жасақтау, жаңғырту, реконструкциялау, қайта жаңарту және күрделі жөндеу) бойынша мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру, техникалық-экономикалық негіздеме, жобалау-сметалық құжаттама және қала құрылышы жобаларын әзірлеу кезінде әлеуетті өнім берушілердің материалдық және еңбек ресурстарының болуын растайтын құжат Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес берілген тиісті рұқсат (лицензия) болып табылады.";

156-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"156. Егер әлеуетті өнім берушіде ұсынылатын тауарлардың Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттарына ерікті турде сәйкестігін растайтын, Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы заңнамасына сәйкес берілген құжат болған кезде, конкурстық комиссия екі пайыз (2 %) мөлшерінде шартты женілдік береді.";

мынадай мазмұндағы 174-1-тармақпен толықтырылсын:

"174-1. Әлеуетті өнім берушінің ағымдағы жөндеу жөніндегі жұмыстар мен құрылышпен байланысты емес жұмыстарға конкурсқа қатысуға арналған өтінім бағасы конкурсқа бөлінген бағадан қырық пайыздан аса төмен болған жағдайда демпингтік болып тынылады.";

233 және 234-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"233. Ұйымдастырушы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды өткізу барысында конкурстық құжаттамада әлеуетті өнім берушілермен ұсынылатын техникалық ерекшелікті бағалау үшін мынадай өлшемшарттарды көздейді:

1) әлеуетті өнім берушімен ұсынылған жобаның тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігіндегі талаптарына сәйкестігі;

2) әлеуетті өнім берушінің қызмет мақсатының Тапсырыс беруші сатып алатын көрсетілетін қызметтерге сәйкестігі (құрылтай құжаттарына сәйкес);

3) Егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспарының Тапсырыс беруші қойған мақсаттарға қол жеткізуге сәйкестігі (іс-шаралар атауы және нысаны, өткізу орны мен мерзімі);

4) әлеуетті өнім берушінің "Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорында" болуы туралы мәліметтері;

5) әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы;

6) жобаны іске асыру тиімді қорытындысын бағалау индикаторларының бар болуы.

Осы тармақтың 1) - 6) тармақшаларында көзделген өлшемшарттар бойынша баллды есептеу конкурстық құжаттаманың 12-қосымшасына сәйкес есептеледі.

234. 233-тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген өлшемшарттар бойынша бір баллдан төмен жинаған әлеуettі өнім берушілердің конкурстық өтінімдері жалпы жиналған баллдардың санына қарамастан, конкурсқа қатысуға жіберілмейді.";

237-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"237. Техникалық ерекшелігінің қорытынды бағасы 8 баллдан төмен әлеуettі өнім беруші конкурсқа қатысуға жіберілмейді.";

240-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"240. Конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкестігі және олардың техникалық ерекшеліктерін бағалау түрғысынан қарау нәтижелері бойынша конкурсқа қатысуға жіберілген әлеуettі өнім берушілерге конкурстық ұсыныстарды мынадай шартты азайтуды қолданылады:

1) егер әлеуettі өнім берушінің техникалық ерекшелігінің қорытынды бағасы 10 баллдан 15 баллды қоса есептегенде құраса, әлеуettі өнім берушінің конкурстық баға ұсынысы 10%-ға шартты азайтылады;

2) егер әлеуettі өнім берушінің техникалық ерекшелігінің қорытынды бағасы 16-дан 20-ға дейінгі баллды құраса, әлеуettі өнім берушінің конкурстық баға ұсынысы 20%-ға шартты азайтылады;

3) егер әлеуettі өнім берушінің техникалық ерекшелігінің қорытынды бағасы 20 баллдан жоғары болса, әлеуettі өнім берушінің конкурстық баға ұсынысы 30%-ға шартты азайтылады.";

274-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік сатып алушы бірыңғай ұйымдастыруши жүзеге асырған жағдайда сараптау комиссиясын құру туралы шешімді тапсырыс берушінің бірінші басшысы не оның міндеттін атқарушы тұлға не жауапты хатшы немесе жауапты хатшының өкілеттігін жүзеге асыратын өзге лауазымды адам қабылдайды.";

391-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"391. Егер жеңімпаз деп айқындалған әлеуettі өнім беруші Занда және осы Қағидаларда белгіленген мерзімде шарттың жобасына қол қоймаса, тапсырыс беруші жеңімпаз шарт жасасудан жалтарған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде екінші орын алған әлеуettі өнім берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарттың жобасын жібереді. Заңның 43-бабының 7-тармағына сәйкес шарттың жобасын екінші орын алған әлеуettі өнім беруші өзіне шарттың жобасы ұсынылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәланырады.

Егер демпингтік баға қолданылатын жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу бойынша жеңімпаз деп айқындалған әлеуettі өнім беруші Занда және осы Қағидаларда белгіленген мерзімде шарттың орындалуын қамтамасыз етуді және (немесе) Заңның 26-бабына сәйкес соманы (бар болса) енгізбесе, тапсырыс беруші жеңімпаздың шарт жасасудан жалтарған күнінен бастап екі жұмыс күні ішінде екінші

орын алған әлеуетті өнім берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарттың жобасын жібереді. Заңың 43-бабының 7-тармағына сәйкес шарттың жобасын екінші орын алған әлеуетті өнім беруші өзіне шарттың жобасы ұсынылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырады.";

426-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 12 мамырдағы № 301 бүйрығымен бекітілген Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15156 болып тіркелген Электрондық нысанда жазып берілетін шот-фактуралардың күжат айналымының қағидаларына (бұдан әрі - Электрондық нысанда жазып берілетін шот-фактуралардың күжат айналымының қағидалары) сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы жазып берілген электрондық шот-фактураны ресімдеу;"

442-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"442. Конкурстық құжаттамада (аукциондық құжаттамада) әлеуетті өнім берушілердің сатып алынатын тауар, жұмыс, көрсетілетін қызмет нарығындағы жұмыс тәжірибесі келесі өлшемшарттарға сәйкес:

1) егер конкурс (аукцион) тәсілімен мемлекеттік сатып алуға бөлінген қаржы тиісті қаржы жылына белгіленген елу мың еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен асатын болса, екі жылға дейін;

2) егер конкурс (аукцион) тәсілімен мемлекеттік сатып алуға бөлінген қаржы тиісті қаржы жылына белгіленген екі жұз мың еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен асатын болса, бес жылға дейін белгіленуі мүмкін.";

Қағидалардың 4-қосымшасының:

2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) осы КК-ға 2-қосымшаға сәйкес, сатып алынатын тауарлардың сипаттамасын және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамаларын қамтиды. Бұл ретте техникалық ерекшелік Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарға қайшы болмауға тиіс. Қажет болған кезде техникалық ерекшелікте нормативтік-техникалық құжаттама көрсетіледі.

Тапсырыс берушілер Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттары болған кезде, оларды көрсете отырып техникалық ерекшелікті әзірлеуі мүмкін";

45-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"45. Ұсынылатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер Қазақстан Республикасының қолданыстағы ұлттық стандарттарына сәйкестігін ерікті раставу туралы құжат болған кезде конкурстық комиссия екі пайыз (0,2%) мөлшерінде шартты жеңілдікті береді.";

конкурстық құжаттамаға 2, 5, 6 және 12-қосымшалар осы бүйрыққа 1, 2, 3 және 4-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

Қағидалардың 8-қосымшасы осы бүйрыққа 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

Қағидалардың 9-қосымшасының:

2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) осы АҚ-ға 2-қосымшаға сәйкес, сатып алынатын тауарлардың сипаттамасын және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамаларын қамтиды. Бұл ретте техникалық ерекшелік Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарға қайшы болмауға тиіс. Қажет болған кезде техникалық ерекшелікте нормативтік-техникалық құжаттама көрсетіледі.

Тапсырыс берушілер олар болған кезде Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттарын көрсете отырып, техникалық ерекшелікті өзірлеуі мүмкін;";

аукциондық құжаттамаға 2-қосымша осы бүйрыққа 6-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

Қағидаларға 19-қосымшада 7.2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7.2. Секвестр және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотында/мемлекеттік кәсіпорындардың, дауыс беретін акцияларының елу және одан астам проценті мемлекетке тиесілі занды тұлғалардың есеп шотында ақша жетіспеген жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиесілі қаражатты Шартта көрсетілген мерзімдерде төлемесе, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1 % (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.";

Қағидаларға 20-қосымшаның 8.2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"8.2. Секвестр және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол бақылау шотында/мемлекеттік кәсіпорындардың, дауыс беретін акцияларының елу және одан астам проценті мемлекетке тиесілі занды тұлғалардың есеп шотында ақшаның жеткіліксіз болған жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші өзіне тиесілі қаражатты Мердігерге/Орындаушыға Шартпен қаралған мерзімдерде төлемесе, онда Тапсырыс беруші Мердігерге/Орындаушыға кешіктірілген әр күн үшін шарттың тиесілі сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімақы) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10%-ынан артпауы тиіс.";

Қағидаларға 21-қосымшаның 7.2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"7.2. Секвестр және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотында/мемлекеттік кәсіпорындардың, дауыс беретін акцияларының елу және одан

астам проценті мемлекетке тиесілі занды тұлғалардың есеп шотында ақша жетіспеген жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиесілі қаражатты Шартта көрсетілген мерзімдерде төлемесе, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1 % (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.";

Қағидаларға 22-1, 22-2 және 22-3-қосымшалар осы бұйрыққа 7, 8 және 9-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу заңнамасы департаменті (С.М. Ахметов) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде "Респубикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шараларды орындау туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық 2018 жылғы 1 қантардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі

Б. Сұлтанов

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлік  
2017 жылғы 22 желтоқсандағы  
№ 222 бұйрыққа 1-қосымша  
Конкурстық құжаттамаға  
2-қосымша

**Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілген қызметтердің техникалық ерекшелігі (тапсырыс беруші үшін)**

Конкурстың № \_\_\_\_\_

Конкурстың атауы \_\_\_\_\_

Лоттың № \_\_\_\_\_

## Лоттың атаяу

Техникалық ерекшелікте қажетті ерекшеліктерді, жоспарларды, сызбаларды, эскиздерді қоса алғанда, сатып алынатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) толық сипаты және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамасы беріледі.

Тапсырыс берушілер Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттары болған кезде, оларды көрсете отырып техникалық ерекшелікті әзірлеуі мүмкін.

Бұл ретте техникалық ерекшелік Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарға қайшы келмеуге тиіс. Қажет болған кезде техникалық өзіндік ерекшелікте нормативтік-техникалық құжаттама көрсетіледі.

Жобалау-сметалық құжаттаманы талап ететін жұмыстарды мемлекеттік сатып алушы жүзеге асыру кезінде конкурсстық құжаттамада техникалық ерекшеліктің орнына белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттама қамтылуға тиіс.

Техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеу және жобалау-сметалық (ұлгілік жобалау-сметалық) құжаттаманы әзірлеу жұмыстарын мемлекеттік сатып алушы жүзеге асыру кезінде оларды әзірлеу туралы техникалық тапсырмада Қазақстан Республикасының қолданыстағы ұлттық стандарттарына (олар болған кезде) сәйкес келетін материалдар мен жабдықтарды есептеу және жобалау кезінде қолдану туралы талап көрсетілуі мүмкін.

Тауарларға, көрсетілетін қызметтерге техникалық ерекшелікте функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары функционалдық, техникалық сипаттама параметрлері, тауардың мақсаты мен тауарды, көрсетілетін қызметті пайдалану шарттары шегін қамтитын тиісті бөлімдерге бөлінуі тиіс.

Қажет болған кезде, техникалық ерекшелікте тауарларды жеткізу кезінде тапсырыс берушіге қажет ілеспе қызметтер (монтаждау, теншеу, оқыту, тауарларды тексеру және сынақтан өткізу және т.б.) мен олар қай жерде шығарылуы тиістігі, тауардың шыққан жылы, кепілдік мерзімі көрсетілуі тиіс.

Орындалу (көрсетілу) сапасы осындай жұмыстарды (қызметтерді) тікелей орындастын (көрсететін) қызметкердің біліктілігіне байланысты жұмыстарды (қызметтерді) сатып алу жағдайында техникалық ерекшелікте қызметкерге, оған жүктелетін міндеттерді орындау үшін оның қажетті деңгейі мен кәсіби даярлық бейінін, үш жылдан аспайтын жұмыс өтілін (Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе бекітілген нормативтерде неғұрлым жоғары өтіл көзделген жағдайларды қоспағанда) айқындастын қойылатын талаптардың сипаты беріледі.

Жобалау-сметалық құжаттаманы талап ететін жұмыстарды мемлекеттік сатып алушы жүзеге асыру кезінде конкурсстық құжаттамада техникалық ерекшеліктің орнына белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттама қамтылуы тиіс.

2017 жылғы 22 желтоқсандағы

№ 222 бүйрықта 2-көсімшада

Конкурстың құжаттамаға

5-көсімшада

## Біліктілігі туралы мәліметтер

(әлеуетті өнім беруші жұмысты сатып алу кезінде толтырады)

Электрондық конкурстың № \_\_\_\_\_

Электрондық конкурстың атавы \_\_\_\_\_

Лоттың № \_\_\_\_\_

Лоттың атавы \_\_\_\_\_

1. Әлеуетті өнім беруші туралы жалпы мәлімет:

Атавы \_\_\_\_\_

БСН/ЖСН/СЖН/СЕН \_\_\_\_\_

2. Растайтын құжаттардың (болған жағдайда толтырылады) электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, әлеуетті өнім берушінің соңғы он жыл ішінде конкурста сатып алынатындарға ұксас (сол сияқты) орындаған жұмыстардың көлемі.

Жұмыстың атавы	Жұмысты орындау орны (объектінің орналасқан жері )	Тапсырыс берушінің атавы	Жұмысты аяқтау жылы, айы	Растайтын құжаттың атавы, күні және нөмірі	Шарттың құны, теңге

3. Әлеуетті өнім беруші конкурстың құжаттамада көзделген жұмыстарды орындау үшін қажет растайтыны құжаттардың электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, материалдық ресурстардың бар екені туралы мәліметтерді көрсетеді.

№	Материалдық ресурстардың атавы	Колда бар бірліктерінің саны	Жай-күйі (жана, жақсы, жаман)	Меншікті (меншік құқығын растайтын құжаттар қоса берілсін), жалға алынған (кімнен және жалға берушінің меншік құқығын растайтын құжаттар қоса берілсін)	Растайтын құжаттың атавы, күні және нөмірі

4. Растайтыны құжаттардың электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, еңбек ресурстары туралы мәліметтер

P/c №	Қызметкердің Т.А.Ә. (жеке басын қуәландыратын құжаттың электрондық көшірмесі қоса берілсін)	Лауазымы	Біліктілік туралы құжат (білімі туралы дипломның, сертификаттың, аттестаттың және т.б. нөмірі мен берілген күнін көрсету керек, олардың электрондық көшірмелері қоса берілсін)
1			

5. Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесінде олар туралы мәлімет болмаған жағдайда, рұқсаттың (лицензия) электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, рұқсаттар және хабарламалар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген рұқсаттың (лицензия) бар екені туралы мәліметтер.

№	Рұқсат (лицензия) атавы	Қызмет түрі	Ерекше шарттар (санаты)	Құжаттың берілген күні мен нөмірі

Біліктілік туралы барлық мәліметтердің дұрыстығын растаймын

Ескерту:

1. Осы қосымшаның 3 және 4-тармақтарының талаптары құрылыш (жана құрылыш, бар объектілерді кеңейту, техникалық қайта жасақтау, жаңғыру, реконструкциялау, қайта жаңарту және құрделі жөндеу), техникалық-экономикалық негізdemені, жобалау-сметалық құжаттаманы және қала құрылышы жобаларын әзірлеу бойынша жұмыстарды мемлекеттік сатып алуға қолданылмайды.

Құрылыш-монтаждау жұмыстарына тиісті рұқсаты (лицензиясы) бар және бар объектілерді ағымдағы жөндеу жұмыстарын мемлекеттік сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім берушілер конкурстық құжаттамада көзделген материалдық және енбек ресурстарының болуы бөлігінде біліктілік талаптарына сәйкес келеді деп танылады.

2. Егер осы конкурста жұмыс тәжірибесінің болуы біліктілік талабы болып табылмаған жағдайда растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерінің болмауы тиісті шартты жеңілдікке әсер етеді.

3. Егер конкурстың нысанасы жаңа объектілер салу, сондай-ақ бар объектілерді кеңейту, техникалық қайта жасақтау, жаңғыру, реконструкциялау, қайта жаңарту және құрделі жөндеу болып табылған жағдайда орындалған жұмыстарды қабылдау және объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері жұмыс тәжірибесін растаушы құжат болып табылады.

Егер әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі бар болған жағдайда орындалған жұмыстарды қабылдау және объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері, не осы қосалқы мердігер туралы мәліметтер көрсетілген құрылыш-монтаж жұмыстарының сапасы туралы қорытындыны немесе орындалған жұмыстардың жобаға сәйкестігі туралы қорытынды немесе сәйкестік туралы декларация ұсынады.

Бұл ретте, әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі бұрын орындалған жұмыстардың конкурс мәніне сәйкестігі шартында ғана есептеледі.

4. Егер жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу конкурс нысанасы болып табылған жағдайда сараптаманың оң қорытындысының электрондық көшірмесі жұмыс тәжірибесін растаушы құжат болып табылады.

5. Егер конкурс нысанасы құрылышпен, жұмыс тәжірибесін растаушы құжаттармен байланысы жоқ жұмыстардың өзге түрлері болып табылған жағдайда орындалған жұмыстар актілерінің электрондық көшірмелері болып табылады.

6. Егер конкурстың нысанасы жаңа құрылыш болып табылған жағдайда жаңа

объектілер құрылышының жұмыс тәжірибесі ғана ескеріледі.

Автомобиль жолдары мен инженерлік желілерді реконструкциялау бойынша жұмыс тәжірибесі инженерлік желілер мен автомобиль жолдарын реконструкциялаудың жаңа құрылышы кезінде ескеріледі.

7. Егер конкурстың нысанасы кеңейту, жаңғырту, техникалық қайта жасақтау және реконструкциялау болып табылған жағдайда, онда күрделі жөндеуді қоспағанда, жаңа объектілерді салу, кеңейту, жаңғырту, техникалық қайта жасақтау және қолданыста бар объектілерді реконструкциялау жұмысының тәжірибесі ескеріледі.

8. Егер конкурстың нысанасы күрделі жөндеу болып табылған жағдайда, онда жаңа объектілерді салу, кеңейту, жаңғырту, техникалық қайта жасақтау және қолданыста бар объектілерді реконструкциялау және күрделі жөндеу жұмысының тәжірибесі ескеріледі

9. Құрылыш саласындағы жұмыс тәжірибесі құрылыш объектілерінің функционалдық мақсаты мен салалық тиесілілігіне (құрылыш түрлері бойынша бұдан бұрын орындалған жұмыстардың ұқсастығы немесе сәйкестігі) және Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған олардың техникалық күрделілігіне сүйене отырып есептеледі.

10. Мерзімі бір жылдан асатын шарттар бойынша жұмыс тәжірибесін есептеу кезінде құрылыштың аяқталатын жылы танылады.

11. Растваушы құжаттардың электрондық көшірмелерін беру конкурстың құжаттамада оларды көрсету көзделген мәліметтер бойынша ғана міндетті. Егер конкурстың құжаттамада тиісті материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде талаптар көзделмеген жағдайда, раствашы құжаттардың электрондық көшірмелерін бермеуге де болады.

12. Материалдық ресурстарды жалға алу құқығын раствашы құжат жалдау шартының электрондық көшірмесі не алдын ала жалдау шартының электрондық көшірмесі болып табылады. Бұл ретте, шарттар бойынша жалдау мерзімі конкурстың құжаттамада белгіленген жұмыстарды орындау мерзімінен аз болмауы тиіс.

13. Материалдық ресурстарды қосалқы жалға алу шартының электрондық көшірмесін ұсынуға жол берілмейді.

Аббревиатураударды таратып жазу:

БСН – бизнес-сәйкестендіру номірі;

ЖСН – жеке сәйкестендіру номірі;

ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру номірі;

ТЕН – төлеушінің есепке алу номірі;

Т.А.Ә. – тегі аты әкесінің аты.

2017 жылғы 22 желтоқсандағы

№ 222 бүйрықта 3-косымша

Конкурстық құжаттамаға

6-косымша

## Біліктілігі туралы мәліметтер

(әлеуетті өнім беруші көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде толтырады)

Конкурстың № \_\_\_\_\_

Конкурстың атауы \_\_\_\_\_

Лоттың № \_\_\_\_\_

Лоттың атауы \_\_\_\_\_

1. Әлеуетті өнім беруші туралы жалпы мәлімет:

Атауы \_\_\_\_\_

БСН/ЖСН/СЖН/СЕН \_\_\_\_\_

2. Раствауши құжаттардың (бар болған жағдайда толтырылады) электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, әлеуетті өнім берушінің соғы он жыл ішінде конкурста сатып алынатындарға ұксас (сол сияқты) көрсеткен қызметінің көлемі.

Қызметтің атауы	Қызметті көрсеткен орны	Тапсырыс берушінің атауы	Қызметті көрсеткен жылы мен айы (___ бастап ___)	Раствауши құжаттың атауы, күні және нөмірі	Шарттың күны, теңге

3. Әлеуетті өнім беруші қызметті көрсету үшін қажетті раствауши құжаттардың электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, конкурстық құжаттамада көзделген материалдық ресурстардың болуы туралы мәліметтерді көрсетеді.

№	Материалдық ресурстардың атауы	Колда бар бірліктердің саны (дана)	Жай-куйі (жаңа, жақсы, нашар)	Жеке меншік (меншік құқығын раствауши құжаттар қоса берілсін), жалға алынған (кімнен және жалға берушінің меншік құқығын раствауши құжаттар қоса берілсін)	Раствауши құжаттың атауы, күні және нөмірі

4. Әлеуетті өнім беруші раствауши құжаттардың электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, осы конкурс (лот) бойынша қызметтерді көрсету мақсатында қажетті өздеріне жүктелген міндеттерді орындау үшін білікті қызметкерлер туралы мәліметтерді көрсетеді.

P/ с №	Қызметкердің Т.А.Ә. (жеке басын қуәландыратын құжаттың электрондық көшірмесі қоса берілсін)	Осы конкурста сатып алынатын қызметтерді көрсету саласындағы жұмыс етілі (етіл бойынша талап болған жағдайда енбек кітапшасының электрондық көшірмесі қоса берілсін)	Біліктілік туралы құжат (білімі туралы дипломның, сертификаттың, аттестаттың және т.б. нөмірі мен берілген күнін көрсетсін, олардың электрондық көшірмелері қоса берілсін)	Мамандығы бойынша санаты, разряды, сыныбы

егер қызметкерлерге және осындай қызметкерлердің болуы жөнінде қойылатын талаптар осы конкурс (лот) бойынша техникалық ерекшелікте көрсетілген болса толтырылады.



Біліктілік туралы барлық мәліметтердің дұрыстығын растаймын

Ескерту:

1. Егер осы конкурста қызметтерді көрсете тәжірибесінің болуы біліктілік талабы болып табылмаған жағдайда растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерінің болмауы тиісті шартты жеңілдікке әсер етеді. Сатып алынатын көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесін растаушы құжаттар көрсетілген қызметтердің актілері мен шот-фактураларының электрондық көшірмелері болып табылады.

2. Растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін беру конкурстың құжаттамада оларды көрсете көзделген мәліметтер бойынша ғана міндетті. Конкурстың құжаттамада тиісті материалдық және енбек ресурстарына ие болу бөлігінде талаптар көзделмеген жағдайда растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін бермеуге де болады.

3. Материалдық ресурстардың жолдау құқығын растайтын құжат жалдау құқығының электорндық көшірмесіне алдын ала жалдау шартының электрондық көшірмесі болып табылады. Бұл ретте шарттар бойынша жалдау мерзімі конкурстың құжаттамада белгіленген қызметтерді көрсете мерзімінен кем болмауы тиіс.

4. Материалдық ресурстардың қосалқы жалдау шарттарының электрондық көшірмелерін ұсынуға жол берілмейді.

5. Бір жылдан астам мерзіммен шарттар бойынша жұмыс тәжірибесін есептеу кезінде қызметтердің аяқталу жылы танылады.

Аббревиатураларды таратып жазу:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН – төлеушіні есепке алу нөмірі;

Т.А.Ә. – тегі аты әкесінің аты.

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрінің

2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 222

бұйрыққа 4-қосымша

Конкурстың құжаттамаға

12-қосымша

**Техникалық ерекшеліктердің әлеуетті өнім берушілерінің ұсынған бағалау өлшемшарттары**

№	Бағалау өлшемшарттары	Балл	Балдарды таратып жазу

1	Тапсырыс берушінің техникалық ерекшеліктерінің талаптарына әлеуетті өнім берушімен ұсынылатын жобасының сәйкес келуі	0 - ден 2 -ге дейін	0	тапсырыс берушінің техникалық ерекшеліктерінің талаптарына әлеуетті өнім берушімен ұсынылатын жобасының сәйкес келмеуі* (әлеуетті өнім беруші сәйкес келмеген жағдайда конкурсқа қатысуға жіберілмейді)
			1	әлеуетті өнім беруші ұсынып отырған жоба Тапсырыс берушінің техникалық ерекшеліктерінің талаптарына сәйкес келеді
			2	әлеуетті өнім беруші ұсынатын жоба негұрлым жоғары сипаттаманы қамтиды
2	Тапсырыс берушінің сатып алынатын қызметке әлеуетті өнім берушінің қызмет мақсатының сәйкестігі (күрылтайшы құжаттарға сәйкес)	0 - ден 1 -ге дейін	0	қызмет мақсаты Тапсырыс берушінің сатып алатын қызметтеріне сәйкес келмейді
			1	қызмет мақсаты Тапсырыс берушінің сатып алатын қызметтеріне сәйкес келеді
3	Тапсырыс беруші қойған мақсаттарға қол жеткізу бойынша егжей-тегжейлі іс-шаралар іс-шаралар жоспарының сәйкестігі (іс-шаралар атауы және ұлгісі, өткізу орны мен уақыты, жауапты тұлғалардың аты-жөні, тегі)	0 - ден 6 -ға дейін	0	тапсырыс берушінің қойған мақсаттарға қол жеткізу бойынша егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспары жоқ не конкурстық құжаттаманың техникалық ерекшелігінде қарастырылған барлық талаптарды қамтymайды
			3	тапсырыс берушімен қойылған мақсаттарға қол жеткізу бойынша егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспары конкурстық құжаттаманың техникалық ерекшелігінде қарастырылған барлық талаптарды қамтиды
			6	тапсырыс берушінің қойған мақсаттарға қол жеткізу бойынша егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспары конкурстық құжаттаманың техникалық ерекшелігінде қарастырылған барлық талаптарды қамтиды және қызмет көрсету сапасын жақсартатын қосымша іс-шараларды қарастырады, әрбір жоба тапсырмасында іс-шараның атауын және түрін, мерзімін және өткізу орнын сипаттайтын
4	Әлеуетті өнім берушінің "Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорында" болуы туралы мәліметтер	0 - ден 2 -ге дейін	0	әлеуетті өнім беруші туралы "Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорында" мәліметтер жоқ**
			1	әлеуетті өнім беруші "Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорына" мәліметтерді уақытында ұсынбаған
			2	әлеуетті өнім беруші "Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорына" мәліметтерді уақытында ұсынған

5	Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы (бір өлшемшарт гана алынады)	0 - ден 6 -ге дейін	3	әлеуетті өнім берушінің бес жылдан жоғары әлеуметтік бағдарламалар мен жобаларды іске асыру саласындағы жұмыс тәжірибесі
			4	әлеуетті өнім берушінің екі жылға дейінгі сатып алынатын қызметтердің мәніне сәйкес келетін қызмет нарығындағы жұмыс тәжірибесі
			5	әлеуетті өнім берушінің екі жылдан бес жылға дейінгі сатып алынатын қызметтердің мәніне сәйкес келетін қызмет нарығындағы жұмыс тәжірибесі
			6	әлеуетті өнім берушінің бес жылдан жоғары сатып алынатын қызметтердің мәніне сәйкес келетін қызмет нарығындағы жұмыс тәжірибесі
6	Жобаны іске асыру нәтижелерін тиімді бағалау бойынша индикаторлардың болуы	0 - ден 3 -ке дейін	0	техникалық ерекшелікте индикаторлар жоқ
			1	сандық немесе сапалық индикаторлардың болуы
			2	сандық немесе сапалық индикаторлардың болуы
			3	барлық деңгейлердегі сандық және сапалық индикаторлардың болуы (салым, процесс, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді нәтижелер)

### Е ск е р т у :

\* Конкурсқа қатысуға арналған өтінімді қамтамасыз етуге қатысты конкурстық құжаттама ережелері Заңның 51-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері мен Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері құрған ұйымдар арасында мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру

к е з і н д е

к о р с е т і л м е й д і .

\*\* "Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорында" мәліметтері жоқ әлеуетті өнім берушілер, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен қарастырылған, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуда қатысуға жіберілмейді."

Қазақстан Республикасы  
 Қаржы министрінің  
 2017 жылғы 22 желтоқсандағы  
 № 222 бұйрыққа 5-қосымша  
 Мемлекеттік сатып алуды  
 жүзеге асыру қағидаларына  
 8-қосымша

**Қорытындылар туралы хаттама (ашық конкурстың нөмірі)  
 бұл ретте нөмір сатып алудың тәсілі мен нөміріне байланысқан болуы тиіс  
 (лот бойынша жекеше қалыптастырылады)**

К ү н і                        м е н                        у а қ ы т ы

Тапсырыс беруші\* \_\_\_\_\_  
 конкурс № \_\_\_\_\_  
 Конкурстың атауы \_\_\_\_\_  
 Ұйымдастырушының атауы \_\_\_\_\_

Ұйымдастырушының мекенжайы

Конкурстық комиссияның құрамы:

№ Т.А.Ә. Ұйымдағы лауазымы Комиссиядағы рөлі

Жалпы сомасы көрсетілген сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер тізбесі

p/c №	Лоттың №	Лоттың атауы	Саны	Бірлік үшін бағасы, теңге	Сатып алу үшін бөлінген сома, теңге

лоттың №

Лоттың атауы

Конкусқа (лотқа) қатысуға берілген өтінімдер туралы ақпарат туралы (хронология бойынша): (өтінімдер саны)

№	Әлеуетті өнім берушінің атауы	БСН (ЖСН)/ СЖН/ СЕН	Өтінім берілген күн мен уақыт (хронология бойынша)

Конкусқа қатысуға арналған конкурстық құжаттама талаптары мен біліктілік талаптарына сәйкес келтірілген туралы ақпарат (осы ақпарат конкурсқа қатысуға арналған алдын ала рұқсат хаттамасы болған кезде жарияланады) (өтінімдер саны):

№	Әлеуетті өнім берушінің атауы	БСН (ЖСН)/ СЖН/ СЕН	Өтінім берілген күн мен уақыт (хронология бойынша)

Конкурстық комиссияның біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келтірілген конкурсқа қатысуға арналған өтінімдердің кайта қарау кезінде мынадай құжаттар сұратылған болатын (Мемлекеттік сатып алу туралы заңын 27-бабының 5-тармағына сәйкес сұрау салулар жүзеге асырылған жағдайда толтырылады):

№	Сұрау салу жіберілген үйімның /тұлғаның атауы	Сұрау салу туралы ақпарат	Сұрау салудың қысқаша сипаттамасы	Сұрау салуга берілген жауап сомасы

Конкурстық комиссия мүшелерінің дауыс беру нәтижелері:

p/c №	Әлеуетті өнім берушінің атауы (әлеуетті өнім берушілердің тізбесі), БСН (ЖСН)/ СЖН/ СЕН	Комиссия мүшесінің А.Т.Ә.	Комиссия мүшесінің шешімі	Бас тарту себебі	Конкурстық құжаттама талаптары мен біліктілік талаптарына олардың сәйкес келмеуін растайтын мәліметтер мен құжаттарды көрсете отырып, бас тарту себептерін егжей-тегжейлі сипаттау

Конкурсқа қатысудан бас тартылған өтінімдер (өтінімдер саны):

№	Әлеуетті өнім берушінің атауы	БСН (ЖСН)/ СЖН/ СЕН	Бас тарту себебі 1

<sup>1</sup> үш мәтінді мәні бар анықтамалық: (біліктілік талаптарына сәйкес келмеу,

конкурстың құжаттама талаптарына сәйкес келмеу, Заңың 6-бабының талаптарын бұзу)

Конкурсқа қатысуға мынадай өтінімдерге рұқсат етілген (өтінімдер саны):

№	Әлеуетті өнім берушінің атауы	БСН (ЖСН)/ СЖН/СЕН

Осы конкурсқа қатысуға ұсынылған конкурсқа қатысуға арналған барлық өтінімдерге Заңың 21-бабының 4-тармағында көзделген критерийлердің салыстырмалы мәнін қолдану нәтижелері туралы ақпарат:

№	Әлеуетті өнім берушінің атауы	БСН (ЖСН) / СЖН / СЕН	Шартты женілдіктер, %						Тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық сипаттамасы	Таяу жағдайы, көрсетілетін қызметтердің техникалық сипаттамасы
			Әлеуетті өнім берушіде ұлттық стандартқа сапа менеджменті жүйесінің сәйкестігін растайтын құжаттың болуы	Әлеуетті өнім берушіде ұлттық стандартқа экологиялық менеджмент жүйесінің сәйкестігін растайтын құжаттың болуы	Әлеуетті өнім берушіде өнімнің экологиялық тазалығы стандартына сәйкестігін растайтын құжаттың болуы	Ұлттық стандарттарға ұсынылатын тауарларға сәйкестігін ерікті растайтыны туралы құжаттың болуы	Тауарлардың функционалдық сипаттамасы			

Конкурсқа қатысушылардың шартты бағаларының есебі:

№	Өнім берушінің атауы	БСН (ЖСН)/ СЖН/ СЕН	Бөлінген сома	Өнім берушінің бағасы	Заңың 26-бабына сәйкес сәйкестік сомасы	Шартты женілдіктің мөлшері, %	Шартты женілдікті ескере отырғандағы баға	Жұмыс тәжірибесі	Өтінімді беру күні мен уақыты

Конкурстың комиссияның шешімі:

1. №\_\_\_\_ лот бойынша жеңімпазды айқындау: (БСН/ЖСН жеңімпаздың әлеуетті өнім берушісінің атауы), екінші орын алған әлеуетті өнім беруші (БСН/ЖСН екінші орын алған әлеуетті өнім берушісінің атауы).

2. Тапсырыс берушіге (тапсырыс берушінің атауы) "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мерзімде (БСН/ЖСН жеңімпаздың әлеуетті өнім берушісінің атауы) мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу.

Не:

"Мемлекеттік сатып алуды (№\_\_\_\_ лот бойынша сатып алудың атауы \_\_\_\_\_

\* байланысты өтпеді деп тану":

Ескертпе: \*келесі мән-мағыналардың бірі: "ұсынылған өтінімдердің болмауы", "кем дегенде екі өтінімді ұсыну", "конкурстың қатысуға бірде бір әлеуетті өнім берушінің жіберілмеуі", "конкурсқа қатысуға бір әлеуетті өнім берушінің жіберілуі".

Не:

Сатып алудың күшін жою жүргізілді, оған мыналар негіз болып табылатын:

Үәкілдегі мемлекеттік органдардың актілері (нұсқама, хабарлама, ұсыну, шешім)  
кк.аа.жжжж. № \_\_\_\_\_

Жою туралы шешімді қабылдаған орган: (\_\_\_\_\_).

Не:

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 10-тармағының \_\_\_\_\_ тармақшасына сәйкес сатып алушан бас тарту жүргізілді.

Ескертпе:

\* Тапсырыс берушілер туралы мәлімет, егер тапсырыс берушілер бірнешеу болса көрсетілмейді.

Аббревиатураударды таратып жазу:

БСН – бизнес-сәйкестендіру номірі;

ЖСН – жеке сәйкестендіру номірі;

ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру номірі;

ТЕН – төлеушінің есеп номірі;

Т.А.Ә. – тегі, аты, әкесінің аты.

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрінің

2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 222

бұйрыққа 6-қосымша

Аукциондық құжаттамаға

2-қосымша

## Аукциондық құжаттамаға сатып алынатын тауарлардың техникалық ерекшелігі

Аукционның № \_\_\_\_\_  
Аукционның атауы \_\_\_\_\_

Техникалық ерекшелікте қажетті ерекшеліктерді, жоспарларды, сыйбаларды, эскиздерді қоса алғанда, сатып алынатын тауарлардың толық сипатын және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамасы беріледі.

Тапсырыс берушілер ол болған кезде Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттарын көрсете отырып, техникалық ерекшелікті әзірлеуі мүмкін.

Бұл ретте техникалық ерекшелік техникалық реттеу саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға қайшы келмеуге тиіс. Қажет болған кезде техникалық ерекшелікте нормативтік-техникалық құжаттама көрсетіледі.

Қажет болған кезде техникалық ерекшелікте тауарларды жеткізу кезінде тапсырыс берушіге қажетті ілеспе қызыметтер (монтаждау, ретке келтіру, оқыту, тауарларды тексеру және сынақтан өткізу және т.б.) мен олар қай жерде шығарылуы қажет екендігі, тауардың шыққан жылы, кепілдік мерзімі көрсетілуі тиіс.

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрінің

2017 жылғы 22 желтоқсандағы

№ 222 бұйрыққа 7-қосымша

Мемлекеттік сатып алушы  
жүзеге асыру қағидаларына  
22-1-қосымша

## Тауар(лар)ды қабылдаап алу-беру актісі

20 \_\_\_\_ ж  
№ \_\_\_\_ қол қою күні \*  
Күжаттың нөмірі\* " --- " (тапсырыс беруші актіні қабылдаған  
күнін және уақытын тіркейді)

Осы акті төменде қол қойылған Өнім берішінің атынан \_\_\_\_\_, (Өнім беруші) берілгені, ал (Өнім берушінің атауы\*) 20 \_\_ жылғы "—" № \_\_\_\_\_ шартқа (және қосымша келісімге) (шарттың (және қосымша келісімнің) атауы, күні және нөмірі\*) сәйкес тапсырыс берушінің өкілі атынан \_\_\_\_\_ (Тапсырыс беруші)

(Тапсырыс берушінің атауы\*) қабылдағаны жөнінде жасалды:

Тауар туралы мәліметтер**						
№	Тауарды беру орны	Тауардың атауы	Номенклатуралық зауыттық) нөмірі (болған жағдайда)	Олшем бірлігі	Саны	бірлік үшін баға (тенге), оның ішінде КҚС/КҚС есепке алмағанда
1	2	3		4	5	6
1						7
...						

Шартқа сәйкес осы акт бойынша тауар(лар)дың құны \_\_\_\_\_  
(цифмен, әріппен жазылады)

тенгені құрайды, оның ішінде КҚС/КҚС есепке алмағанда\*\*,

Өнім берішінің атауы*	ЖСН/БСН*	ЖСК /БСК *	Банк*	Заңды мекен-жайы *	Өнім берішінің өкілдері **	Бекітемін **
1	2	3	4	5	6	7

Шарт бойынша ақпарат***						
1	Жалпы мәлімет					
	Шарттың жалпы құны *	Аванстық төлемдер сомасы ** *	Шарттың қолданылуынан бастап төлем сомасы***	Бұрын актіленгендердің сомасы***	Тауарды жеткізу мерзімін еткізіп не міндеттемелерін тиісінше орындаған (ішінара орындаған) үшін тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасы***	Мерзіміндеңдердің саны***
1	2	3	4	5	6	

2	Шығыстардың бірынгай бюджеттік сыйыптамасының коды: Бағдарлама/Кіші бағдарлама/Ерекшелік***				
3	осы акті бойынша өнім беруші жүргізген нақты шығыстар ***				
	Тауардың атауы*	Өлшем бірлігі*	Саны*	Әр бірлік үшін баға, тенге*	Сома, тенге*
1	1	2	3	4	5
...					
4	Өнім берушіге аудару талап етілетін сома***				

Қосымшасы: құжаттардың электрондық көшірмелерінің тізбесі (болған жағдайда өнім беруші/тапсырыс беруші тіркең отырады)

Тапсырыс берішінің атауы*	ЖСН / БСН *	ЖСК / БСК *	Банк *	Занды мекен-жайы ***	Тапсырыс берішінің өкілдері***				Бекітемін** *	
					Тауарлар қабылдау үшін жауапты		Ресімдеудің дұрыстығына жауапты (деректемелер, ерекшеліктер)		Т.А.Ә.	
					қолы	қолы	қолы	қолы	Т.А.Ә	қолы
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

Ескертпе:

\*мемлекеттік сатып алу веб-порталында автоматты тұрде толтырылады;

\*\* өнім беруші толтырады;

\*\*\*тапсырыс беруші толтырады.

Аббревиатураларды таратып жазу:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК – банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК – жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ҚҚС – қосылған құн салығы;

Т.А.Ә. – тегі, аты, әкесінің аты.

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 222  
бүйрүғында 8-қосымша  
Мемлекеттік сатып алушы  
жузеге асыру қағидаларына  
22-2-қосымша

## Орындалған жұмыстардың актісі \*\*\*

№ \_\_\_\_\_. " \_\_\_\_ " \_\_\_\_ (тапсырыс беруші актінің қабылдаған  
күнін және уақытын тіркейді)  
20 \_\_\_\_ ж  
қол қою күні \*

Осы акті төменде қол қойылған Орындаушының атынан \_\_\_\_\_, (Орындаушы) берілгені, ал (Орындаушының атауы\*) 20 \_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ шартқа (және қосымша келісімге) (шарттың (және қосымша келісімнің) атауы, күні және нөмірі\*) сәйкес тапсырыс берушінің екілі атынан \_\_\_\_\_ (Тапсырыс беруші) \_\_\_\_\_ (Тапсырыс беруші)  
( Т а п с ы р ы с                    б е р у ш і н і н                    а т а у ы \* )

қабылдағаны жөнінде жасалды:

Орындаған жұмыс туралы мәліметтер**							
№	Жұмыстың орындаған орны	Жұмыстарды орындау күні/ кезеңі	Атауы	Өлшем бірлігі	Саны	Бірлік үшін баға (тенге), оның ішінде ҚҚС/ҚҚС есепке алмағанда	Сома, тенге
1	2	3	4	5	6		7
...							

Шартқа сәйкес осы акт бойынша орындалған жұмыстың құны  
(цифрмен, әріппен жазылады)

тәңгени қурайды, оның ішінде ҚҚС/ҚҚС есепке алмағанда\*\*

Орындаушының атаяуы*	ЖСН/БСН*	ЖСК /БСК *	Банк*	Занды мекен-жайы *	Орындаушының өкілдері **		Бекітемін **	
					Т.А.Ә. лауазымы, ,	қолы		
1	2	3	4	5	6	7	8	9

## Шарт бойынша ақпарат

...

4      Өнім берушіге аудару талап етілетін сома\*\*\*

Қосымшасы: құжаттардың электрондық көшірмелерінің тізбесі (болған жағдайда өнім беруші/тапсырыс беруші тіркеп отырады)

Тапсырыс берішинің атауы*	ЖСН / БСН *	ЖСК / БСК *	Банк *	Занды мекен-жайы ***	Тапсырыс берішинің өкілдері***				Бекітемін** *(ұйымның басшысы)	
					Тауарлар қабылдау үшін жаупты		Ресімдеудің дұрыстығына жаупты (деректемелер, ерекшеліктер)		Т.А.Ә.	қолы
					6	7	8	9		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

2-В нысаны

## 20\_\_ жылдың "\_\_\_" №\_\_ Орындалған жұмыстардың актісі

Тапсырыс беруші: \_\_\_\_\_  
(толық атауы, мекенжайы, байланыс құрал туралы деректер)

Мердігер: \_\_\_\_\_  
(толық атауы, мекенжайы, байланыс құрал туралы деректер)

Кұрылыш: \_\_\_\_\_  
( а т а у ы , м е к е н ж а й ы )

Объект: \_\_\_\_\_

(атауы) Мердігерлік келісімшарт (келісімшарт) 20\_\_ жылдың "\_\_\_" №

Номірі		Ресурстар коды және норма шифры	Жұмыстар және шығындар атауы	Өлшем бірлігі	Орындалған жұмыстар		
Реті	Смета бойынша позиция				Саны	Әр бірлік үшін баға	Құны, теңге
1	2	3	4	5	6	7	8

Жиыны

Өткізді (ұйымның М.О. (лауазым, қолы, қолының таратып жазу)	(Мердігер) атауы)	К а б ы л д а д ы (ұйымның М.О. (лауазым, қолы, қолының таратып жазу)
---	----------------------	---

Техникалық қадағалау сарапшысы (лары) \_\_\_\_\_

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты) (қолы)

Ескертпе:

\*мемлекеттік сатып алу веб-порталында автоматты түрде толтырылады;

\*\* өнім беруші толтырады;  
\*\*\* тапсырыс беруші толтырады;  
\*\*\*\* құрылым-монтаж жұмыстарын қоспағанда орындалған жұмыстарды қабылданалу-беру үшін қолданылады;

Аббревиатураларды таратып жазу:

## БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК – банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК – жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ККС – қосылған күн салығы;

Т.А.Ә. – тегі, аты, әкесінің аты.

## Қазақстан Республикасы

## Қаржы министрінің

2017 жылғы 22 желтоқсандағы

## № 222 бұйрығықта 9-қосымша

## Мемлекеттік сатып алушы

жүзеге асыру қағидаларына

## Көңсетілген кызмет актісі

№ " " 20 ж. Құжаттың нөмірі\* қол қою күні\* (тапсырыс беруші актіні қабылдаған күнін және уақытын тіркейді)

Осы акті төменде қол қойылған Өнім берішінің атынан  
(Өнім беруші) берілгені ап (өнім берушінің атауы\*) 20

\_\_\_\_\_ жылғы "—" № \_\_\_\_\_ шартқа (және қосымша келісімге) (шарттың (және қосымша келісімнің) атавы, күні және нөмірі\*) сәйкес тапсырыс берушінің өкілі атынан (Тапсырыс беруші) (Тапсырыс берушінің атавы\*)

қабылдағаны жөнінде жасалды:

Көрсетілген қызмет туралы мәлімет**						
№	Қызмет көрсету орны	Қызметтің атаяуы	Өлшем бірлігі	Саны	Әр бірлік үшін баға (тенге), оның ішінде ҚҚС/ ҚҚС есепке алмағанда	Сома, тенге
1		2	4	5	6	7
...						

Шартқа сәйкес осы акт бойынша көрсетілген қызметтердің құны

(цифмен, әріппен жазылады)

тәңгені қурайды, оның ішінде ККС/ҚКС есепке алмағанда\*\*

Өнім берішінің атауы*	ЖСН/БСН*	ЖСК/БСК*	Банк**	Заңды мекен-жайы **	Өнім берішінің өкілдері **	Бекітемін **
					Т.А.Ә., лауазымы, колы	Т.А.Ә., лауазымы, колы

1	2	3	4	5	6	7	8	9
---	---	---	---	---	---	---	---	---

## Шарт бойынша ақ-па-рат

### Жалпы мәлімет

1	Шарттың жалпы күні *	Аванстық төлемдер сомасы ** *	Шарттың колданылуынан бастап төлем сомасы***	Бұрын актілengендердің сомасы***	Жұмысты орындау мерзімін өткізіп не міндеттемелерін тиісінше орындаған (шінара орындаған) үшін тұраксыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасы***	Мерзімі өткен күндердің саны***
1	2	3	4	5	6	
2	Шығыстардың бірыңғай бюджеттік сыныптамасының коды: Бағдарлама/Кіші бағдарлама/Ерекшелік***					
3	Осы акті бойынша іс жүзінде көрсетілген қызметтер (болған кезде техникалық ерекшелігіне, тапсырмасына, қызметтерді орындау кесте-сіне сәй-кес олар-дың кіші түрлері бөлінісінде қызметтердің атауы)***					
4	Атауы*	Қызмет көрсету күні/кезеңі	Өлшем бірлігі* * Саны	Әр бірлік үшін баға, теңге*	Сома, теңге*	Ғылыми зерттеулер, маркетингтік, консультациялық және өзге де қызметтер туралы есеп (күні, нөмірі, параптар саны) ( болған жағдайда)****
1	2	3	4	5	6	
4	Өнім берушіге аударуга талап етілетін сома***					

Қосымшасы: құжаттардың электрондық көшірмелерінің тізбесі (болған жағдайда өнім беруші/тапсырыс беруші тіркең отырады)

Тапсырыс берішинің атауы*	ЖСН / БСН *	ЖСК / БСК *	Банк *	Занды мекен-жайы ***	Тапсырыс берішинің өкілдері***			Бекітемін** *						
					Тауарлар қабылдау үшін жауапты		Ресімдеудің дұрыстығына жауапты (деректемелер мен ерекше-лік-тер-дің сәй-кес ке-луі)		T.A.Ә.	қолы	T.A.Ә.	қолы	T.A.Ә .	қолы
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11				

Ескертпе:

\*автоматты түрде мемлекеттік сатып алу веб-порталымен толтырылады;

\*\* орындаушы толтырады;

\*\*\* тапсырыс беруші толтырады;

\*\*\*\*ғылыми зерттеулер, маркетингтік, консультациялық және өзге де қызметтер

туралы есеп болған жағдайда толтырылады;

Аббревиатураларды таратып жазу:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК – банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК – жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ҚҚС – қосылған құн салығы;

Т.А.Ә. – тегі, аты, әкесінің аты.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК